






ХҒТАР 17.82.30
Ғылыми мақала

Б.Е. Ахмер , Ж.Ә. Аймұхамбет* , А.А. Мирзахметов 
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: a_zhanat@mail.ru; birzhan.akhmer@mail.ru; mirza_achmet@mail.ru)

Көркем мәтін құрылымындағы детальдің қызметі

Аңдатпа. Мақалада поэзия мәтіндеріндегі көркем детальдің орны анықталып, ақындардың философиялық танымы мен психологиялық көңіл-күйін, эстетикалық ойын жеткізудегі рөлі айқындалады. Көркем бейнелеудегі ұғымдардың мәні ашылып, ақынның көркемдік жадында таңбаланған бейнелер талданады. Мәтін құрылымындағы көркем детальдің қызметін танытуда Н.Айтұлы, Е.Раушанов, Т.Әбікәкімұлы, М.Райымбекұлы өлеңдеріне талдау жасалады.

Қазіргі поэзияда ой, идея, ақынның көзқарасы мен танымы, экспрессивті эмоциялары түрлі детальдар арқылы көрініс тапқан. Сол элементтер мен детальдар көркем деңгейде түзіле келе мәтіннің жүйесін қалыптастырады. Осыдан жаңа бейнелеу, жаңа стиль, ерекше құрылым пайда болады. Поэзиядағы негізгі ой мен автор ұстанымы идеяны оқырманға жеткізу үшін қандай да бір тәсілдерді қолданады. Поэзияда тілдік бірліктер көркемдік жүйені қалыптастырса, сол жүйенің тетігінде тұрған деталь өзінің мағыналық-символикалық мәнімен жаңа бейнелеулерге негіз болды. Заманауи қазақ поэзиясының көркемдік-бейнелілік жүйесінде детальдар түзілімі ерекше орынға ие жаңашыл ізденістерге толы. Мақалада мәтіндегі көркем детальдің қызметі поэзия туындылары мысалында қарастырылып, жан-жақты талдау нысанына алынады.

Көркем туындының мәтіндік құрылымы макро және микро детальдардан тұратыны белгілі. Олардың біреуі анық, ашық, қалыпта көрінсе, енді біреулері жасырын, астарлы, тұспалды түрде қолданылады. Ақындар қолданысында түрлі қалыппен бейнелеуге қызмет ететін детальдар мәтіннің өзегі екені талдаулар нәтижесінде тұжырымдалады.

Түйін сөздер: мәтінтүзілім, деталь, поэзия, көркем мәтін, таңба, өлең құрылымы

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-158-166>

Түсті: 15.02.2024; Жөнделді: 20.04.2023; Мақұлданды: 19.06.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

Кіріспе

Деталь – мазмұнның арнайы шек-жігін білдіретін және бейнеліліктің негізгі құрылымы ретінде қызмет атқаратын көркемдік элемент. Детальдың басты ерекшелігі – бізге тұтас

* хат-хабар үшін автор

материалды көрсетуге ықпал ету, көркем суреттің бояуын, астарын меңзеп, поэтикалық тілдің шеберлігін таныту. Сондықтан деталь – бөлшектенбейді, бөлінбейді, тиісінше, шығарманың идеясын ашуға жұмсалып, бірнеше бөліктен бір бүтін ойды айғақтауға жұмсалады.

Детальдің әдебиеттегі қызметін арнайы қарастырған Б.Кабдулов әдебиеттің күн тәртібінде тұрған өзекті мәселесінің бірі – көркем шығармадағы психологизм мәселесі болса, сондағы күрделі мотивті айқындап, жеткізуші жазушы шеберлігінің «сырына» анализ жасау, яғни көркем деталь мәселесі екенін айтады [1, 12]. Жазушы шеберлігін анықтаудағы негізгі орынды деталь алатындығы жөнінде ешқандай талас жоқ. Ю.В.Томашевский айтқандай, көркем шығармада детальға көп нәрсе байланысты, тіпті барлық нәрсе детальға байланысты болуы да ғажап емес [2, 340]. С.Антонов «Әңгіме туралы хаттарында» деталь жөнінде: «Деталь – бұл айрықша, тұтас құбылыс немесе заттың әсерін көз ілеспес ассоциацияның тізбегі және сондағы реакциясының көмегімен көрсетуге болатын көркемдік нақтылық», – деп жазады [3, 187].

Детальдің ең басты қасиеті – оның дәлдігінде. Қаламгер әрқашан туындының шырайын ашатын, оқиганың өзегін дәлдікпен көрсете алатын ең қажетті, ең керекті жалғыз сөзді таба білуі қажет. «Жалғыз түйір ең керекті сөз табылса болды, ол бүкіл шығарманың өңін келтіре алады, бірақ ол үшін жазушы «сөздер химиясын» жетік меңгеруі қажет» [4, 118]. Ал осы «ең керекті жалғыз» сөз, «сөз химиясын» меңгерген қаламгердің дәл тапқан жалғыз ғана сөзі – деталь.

Деталь сюжеттегі негізгі ситуацияны анық, дәл бейнелейді. Деталь туралы ғалым З.Қабдолов: «Дәлдік – шындыққа жанасымдылық. Сөзбен жасалған суретке көз алдыңызда жан бігіп, тіріліп түрегелсе, сіз оны жансыз сурет емес, тура жанды нәрседей қабылдасаңыз, кітап беті қатар түзеген әріп қана емес, қым-қиғаш қимылға айналып кетсе, сіз бұл қимылға енжар қарамай, еліге тербеліп қалсаңыз – детальдің дәлдігі сол!» [5, 97], – деген пікір білдірсе, зерттеуші А.Б. Есин көркем детальді сыртқы және психологиялық (ішкі) деп екіге бөліп қарастырған. Сыртқы детальдарға адамдардың қолданатын заттары, қоршаған ортасы, пейзаждық, портреттік бейнелерді жатса, психологиялық детальдарға кейіпкердің ішкі әлемі енеді. Ғалым: «Егерде сыртқы деталь бір нәрсені ымдаса, сипаттаса, білдірсе, сездірсе немесе кейіпкердің ойға батуын, қайғыруын сездірсе, онда ол психологиялық детальға (бұл орайда психологиялық портрет мәселесі айтылуда) айналады» [6, 160], – деген ой қосады.

Сөз өнерінің шынайы туындысы – ақиқат болмыстың көрінісі, жай көрінісі немесе жинақталған, көркем көрінісі. Көркем мәтіндегі кейіпкердің тұтас тағдыры бір ғана элементтің ықпалынан өзгеріске ұшырауы мүмкін. Ол элементтің шығармадағы маңыздылығы соншалық, тіпті, сол бөлшек – бүтін бір тақырыпты ашуға жұмсалады. Бұл үрдіс көбінесе баллада жанрында жазылған поэзиялық туындыларда көрініс тапқан. Мұнда оқиға белгілі бір тақырыптың төңірегінде өрбіп, бірнеше элемент біріге келіп, бір ауқымды идеяны әспеттейді.

В.А. Кухаренко көркем детальдің бірнеше типологиясын айтады. Оның ішіне суреттеуші, нақтылаушы, характерді айқындаушы және имплицитті категориялар енеді [7].

Деталь көркем туындыдағы негізгі идеяны ашуға, бейненің нақтылана түсуіне әсер етеді. Яғни, әрбір автор өз туындысындағы басты идеяны кейіпкер, белгілі бір образ арқылы бейнелеп, өрнектеп жеткізсе, оның шынайы шешілуі кей жағдайда характерлер, жинақты образдар жасай алуында. Ал мұның өз кезегінде детальдің күшімен жүзеге асып жататыны белгілі. Осы орайда, «Көркем деталь көркем мәтіннің мағыналық кеңістігін көрсетеді. Осы арқылы автор белгілі бір ақпарды имплицитті түрде кодтайды» [8], – деген А.И. Трубкинаның пікірі маңызды.

Әдістеме және зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында әлемдік әдебиет теориясы мен қазақ әдебиеттануындағы мәтінтүзілімге, детальға және поэтикалық мәтінге қатысты еңбектер пайдаланылды.

Сонымен қатар, қазіргі әдеби сынның басым бағыттарының бірі ретінде танылған деконструкциялық әдіс те мақаланың негізі болды. Мәтіннің құрылымын жаңаша пайымдауда еркін ойлау жүйесі, сыни көзқарасқа негізделген талдау үрдісі басшылыққа алынғанын айта кету керек.

Зерттеуде теориялық талдау, жүйелеу, жинақтау, тұжырым жасау, салыстырмалы талдау, сондай-ақ семиотикалық, структуралық әдістер қолданылды.

Талқылау мен нәтижелер

Көркем шығармада барлық бүтін жекеден құралады, яғни шындық панорамасы детальдан тұрады. Зерттеуші Б.Кабдулов детальдің анықтамасын ұсынғанда үшқыш-ғарышкердің иллюминатордан көрінген кішкентай ғана жердің бейнесі арқылы бүкіл өзінің санасындағы жер туралы ойларымен сабақтасатынымен салыстыра қарайды. Ол: «Сонда ғана деталь өзінің өнердің миниатюралық моделі ретіндегі рөлін ойнайды, детальдің көмегімен бір тізбекке біріктірілген оқиғалар – уақыт, тарих; жеке коллизияда – қоғам қайшылығы, дараланған характерде – тип, ал жекелеген тағдырда – дәуір заңдылығы көрініс табады», – деп деталь арқылы бүкіл шығармадағы ойды анықтауға болатынын айтады [1, 13].

Әдебиеттанушы-ғалымдар көркем туындыдағы детальді анықтауда көркем туындының ең ұсақ, ажырамайтын құрылымдық элементіне жатқызады, бірақ оның шекарасын анықтауда түрлі көзқарастар бар. Олай дейтіміз, барлық зерттеушілер құбылту мен айшықтаудың көркем детальға жатпайтынын бірауыздан мақұлдаса да, детальға нақты не жатады дегенде ортақ пікір жоқтың қасы. Мұны Ф.В.Путнин: «Поэтикалық әдістер, троптар мен стилистикалық фигуралар әдетте көркемдік бөлшектерге жатпайды» [9, 90], – деп кесіп айтқан.

Кең ауқымда алып қарастырғанда, детальға – сыртқы, материалдық, шығарманың көркемдік әлеміне жататын дүниелер мен адамның жан дүниесінің қозғалысын білдіретін ішкі факторларды жатқызуға болады. Ал тар мағынасында көркем туындының тек заттық әлемін, яғни сыртқы, материалдық дүниелерді ғана жатқызады [10, 29]. Көркем мәтіннің қабаттарында мифтік белгілер де барын білеміз. Яғни, мифтің ішіндегі көркем детальдарға көңіл бөліп, метамәтінде көрініс табуын зерттеуге баса назар аудару керек. Метамәтін көбінесе символдық аспектілерге негізделеді [11].

Қазіргі қазақ поэзиясының өкілдері сюжеттік мазмұннан бұрын ақынның философиясындағы таным иірімдерін басты нысанға алады. «Поэзия – ұлы жұмбақ» – дейді Достоевский. Шынымен де, поэзияның жұмбақтығы ақынның поэтикалық әлеуетінің деңгейіне, психологиялық ойдың шеңберін сызудағы шеберлігіне, жалпы таным мен жеке танымды бір-бірімен ұштастыра отырып, пішіндік және мазмұндық қалыпты сақтай алу дәрежесіне, нақты элементтер мен аралас элементтерді, деталь мен штрихтік негіздерді тереңнен игере отырып, өлеңнің ішкі және сыртқы мінезін, яғни характерін аша алуына байланысты. Осы орайда философиялық ойды беруде негізгі көркемдік құрал – деталь маңызды рөл атқарады.

Жоғарыда аталған поэзияның жұмбақтығын ашу үшін қазіргі қазақ поэзиясының өлеңдерін танымға қарай саралап, когнитивті ұғымдардың ақын өлеңдерінде көрініс беруіне, детальдардың қолданысына жекелей тоқталайық.

Ұлттық поэзиямыздың көркемдік сапасына өз үлесін қосқан ақын Есенғали Раушановтың ақындық шеберлігі адам мен табиғаттың үндестігін өрнектеген сыршыл өлеңдерінен ерекше көрінеді. Нәзік лиризм мен терең психологизм қатар өрілген ақын өлеңдері – қаламгердің таным көкжиегі мен дарын қуаты деңгейінің көрсеткіші.

Ақынның табиғаттағы құбылыс пен затты қатар ала отырып, тұтас әрекеттер тізбегі арқылы адам болмысының ішкі сырларын сөзбен кескіндеген төмендегі өлеңіне тоқталайық:

Бір қайың бар –
 Ақ қайың, нәзік қайың,
 Өскен күнге құшағын жазып дәйім.
 Нәзігімнің өмірін сырттан бағып
 Мен тұрамын қалшыып қазықтайын [12, 49].

Берілген шумақта ақ қайың – лирикалық кейіпкердің ішкі әлемінің бейнесіне ауысқан. Шумақтан шумаққа өрбіген оқиға желісінде қайың халі – сәл ысырылып, жел мен қайыңның арасындағы қақтығысты бақылаушы ғана емес, іштей қайыңды жақтаушы, оның қайғысына ортақтасушы. Қайыңға берілген «нәзік» деген анықтамаға зер сала отырып, бұл жерде символдық астар жатқанын да аңғарамыз. Яғни, қайың – қыз, оны бақылаушы – жігіт, автор. Ұнатқан «нәзігіне» жете алмай қалған автордың ішкі позициясы, ұстанымы, бұлқынысы сезіледі. Осы орайда, «қазық» деталі де маңызды рөл атқарып тұр. Қағылған қазық – өздігінен қозғала алмайтын, субъективті қозғалысы жоқ тәуелді зат. Қазақ танымында «қатқан қазықтай» деген фразеологизм бар. Ендеше, детальдің ұлттық дәстүрмен сабақтасып тұрғанын байқауымызға болады. Осылайша, лирикалық кейіпкердің өзіндік болмысы мен дүниеге деген көзқарасы алға шығады:

Жұбаттар ем,
 Хал-жайын сұрар едім,
 Тілі – жұмбақ әлі бірақ оның.
Жапырақтар жерге емес,
 ерте үзілсе
 Жүрегіме құлайды мына менің.

Табиғаттағы бір құбылысты бейнелеудің мысалы ретінде алған ақын енді жекелеген детальдар арқылы бейнелеуге көшеді. Қайыңның бөлшектері – бұтақ пен жапырақ поэтикалық бейнелеуде үлкен мәнге ие болып тұр. Желге қарсыласқан бұтақ қайыңның наразылығын танытудағы деталь болса, жапырақ – екі аралықты, яғни лирикалық кейіпкер мен қайыңның арасын байланыстырып тұрған деталь. Лирикалық кейіпкердің ішкі сезімін, толқуын танытып тұрған деталь – жүрек. Әдебиеттанушы Ж.Әскербекқызы аталған өлең туралы ойын төмендегідей сабақтайды: «Жапырақтың жерге емес, жүрекке құлауы – бейнелеудің тосын үлгісі. Жүрек пен жапырақтың пішіндік ұқсастығын ойда ұстай отырып, ақын осы ұқсастықтан тың бейнелі әрекет тудырады. Сөйтіп қайғы шеккен әлсіздің халі өзіне қаншалықты әсер еткенін жеткізеді. ...Тұтастай алғанда метафоралық сипаттағы өлеңде жекелеген суреттеулер, айқындаулар мен әрекеттер ауыспалы мағынада қолданылып, туындының идеялық-бейнелілік мазмұнын ашуға қызмет еткен. Адамға тән іс-әрекетті, ой мен сезімді табиғатқа тели суреттейтін кейіптеу тәсілінің көркемдік мүмкіндігі ақындық таным мен шеберлік көрігінде әбден өңделіп, танылған» [13, 33].

Көркем туындыдағы деталь – шағын ғана болса да, бүкіл шығарманың ұстыны. Себебі деталь арқылы шығарманың негізгі идеясы ашылады. Оны жоғарыдағы мысалдардан байқадық. Ақын Н.Айтұлының «Табалдырық» деген өлеңнің әрін ашып тұрған, сондай-ақ нақты бір зат арқылы қазақ болмысын, танымын, дәстүрін қозғап, өткеннен хабар беретін бір ғана деталь – табалдырық.

Халқыма қадірменді табалдырық,
 Тұрасың әр уақытта алаң қылып.
 Үлкендер «Баспа» дейді,
 Аттап өтем,
 Сыр бар-ау, ар жағында алар біліп... [14, 8].

Табалдырық – қазақтың ырым-тыйымдарымен, салт-санасымен тығыз байланысты. Өлеңде детальдің көркем образға айналып, жаңаша сипатталуын байқаймыз. Аға буын мен кіші буын арасындағы сабақтастықты «баспа» деген бұйрықты, бірақ зілсіз сөзден аңғаруға

болады. Ұлттың дәстүрі бойынша, «қара шаңырақ», «ошақ» – қашан да киелі, қасиетті ұғымдар. Ал сол киелі жерге басқан алғашқы қадам осы табалдырықтан басталады. Қазақ өз баласына «табалдырықта тұрма, онда бақ тұрады» деп өсиет айтады.

Жалпы Н.Айтұлының шығармашылығында қазақтың қара өлеңінің сипаты басым. Оның бейнелеріндегі ұлттық дүниетаныммен астасып келетін көркем бейнелер, қазақы санаға қорғасындай құйылып, өзінің ізін қалдырып отырады. Ақынның «Үміт көбелегі» деген өлеңіндегі лирикалық сюжет көп жылдардан кейін ауылға барған жанның ішкі толғанысы болып берілген. Ауылдағы өзен, тоғай өзгермегенімен, адамдардың түр-келбетіне уақыттың із салып, олардың өзгергенін айта келе, өзінің бала кезіндегі «сары ұл» арқылы сол балалық шақтағы бір балғын бейнені іздейді. Өлең:

*Біразы көне үйлердің күйрегендей,
Қатары қарттардың да сирегендей.
Бәрінің орындары үңірейіп,
Тұрғаны-ай,
Көңілімнің күйге келмей.
Секілді бір қарасам қаз-қалпында,
Дүние өз орнынан қозғалсын ба? [14, 9] –*

деп басталған. Оқиғаның басынан бастап уақыт өз дегенін істеп, өмірден сиреп қалған бейнелер лирикалық кейіпкердің де көңілін пәс етеді. Ол өзінің бала шағындағы бейнесін, яғни «қуақы сары ұлды» көргісі келеді. Сонымен қатар «Анау бір күлімдеген кішкентай қыз // Кенеттен әлдекімге барады ұқсап» деп көңілдегі бейнесіне ұқсаған суретті көз алдымызға әкеледі. Сонда бұл өлеңдегі «қуақы сары ұл» – басты деталь деуге болады. Себебі ақын сол арқылы бүкіл лирикалық сюжетті өрбітіп, сезімін көрсетеді.

Ақын Тыныштықбек Әбдікәкімұлының шығармашылығы да өзіндік мәнерімен ерекшеленеді. Ақын тұспалды ойларын көбіне деталь арқылы береді. Оның «Жекеқоңыр» деген өлеңіндегі лирикалық сюжетте берілетін оқиға желісі жетім қалған қозы мен лирикалық кейіпкердің ішкі толғанысының параллель алынып, жетімдіктің трагедиялық сипаты астарлы бейнелеу арқылы беріледі. Өлеңде:

*Қайта-қайта маңырап, қоңыр қозым,
суландыра бердің-ау көңіл көзін.
Қозысы едім мен де бір қоңырлықтың...
Көп өксіктен көкірек сөгілгесін[15, 18] –*

деп деталь ретінде «қоңыр» сөзін алған. Жалпы «қоңыр» деген сөзде қазақ дүниетанымына сай астарлы мағына бар екені белгілі. Ол сабырлықтан бастап, момындық, жалғыздыққа ұласады. Ақын қоңыр қозының жетім қалғанымен лирикалық тұлғаның көңілінің жетімсіреп, жалғызсырап жүргенін тұспалдайды. Сонымен бірге, бұл сөзге жаңа философиялық мән үстеп, өлеңнің философиялық негізін күшейткен. Түстің те символдық мәні бар. Қызыл – қауіптің, қан майданның, жасыл – жақсылық пен жұмақтың, ақ – адалдық пен тазалықтың нышаны десек, қоңыр – байсалдылықтың, тереңдіктің символы. Бұл түстің қазақ болмысымен біте қайнасып кетуінің бір себебі – далалық дәстүрге сай, көшпенділер мәдениетімен байланысты. Қазақ көшкен жерлердің көбі иен жазық, сары дала, қоңыр адырлар. Оның көргені де, сезгені де, ойлағаны да, иісі де, тіпті түнгі түсі де осымен үйлеседі. Ақын «Қозысы едім мен де бір қоңырлықтың» деу арқылы арғы ата-бабасын, ата-әжесін сағынышпен еске алып тұр. Яғни, қоңыр мінезді, қонақжай, мейірімді, жанашыр тегін меңзеген. Қаланың «қапасты» тірлігінен мезі болған автор күйі байырғы кішіпейіл көңілді, жұбатар жүректі аңсайды.

Қазіргі қазақ поэзиясында өзіндік орны бар ақын Маралтай Райымбекұлының шығармашылығынан мифтік бейнелерді, символдық астары бар детальдарды, арғы қазақтың танымы мен тарихына жетелейтін ерекше иірімдерді байқаймыз.

М.Райымбекұлының поэзиясы өзіндік тың бейнелеулермен ерекшеленеді. Ой-жүйесінде кодталған, танымындағы рухани дәстүр, яғни мәдени таңбаның поэзияда көрініс табуы – ескі мен жаңа ұғымдардың бір-бірімен астасуы. «Сентиментальді құбылыс» өлеңінде табиғат пен адам жанының көркем қатпарларын үйлестіріп, жаңаша өң беріп қана қоймай, әр тармағына философиялық мән-мағына сыйдырған:

*Қара түн құлайды бауырына ап даланы,
Күрең нұр көкжиек көзінде мелдеп тұр.
Аққан қан сияқты.
Жұлдыздар қаралы, ғаламның бетінде жаралы
Жұмыр жер адасып барады [16, 84].*

Жоғарыда берілген өлеңнен ақынның танымы мен эмоциясын айқын аңғарамыз. Көркем деталь түріндегі “қара түн” мен “күрең нұр” ақынның поэтикалық танымындағы тың суреттеулердің қатарында. Өлең тақырыбының өзінен ақын бойындағы жай-күйді ұғынып, астарлы ұғым мен жансыз бейнеден жанды бейнеге айналған көркем суретті көруге болады. Көркем детальдардың метафизикалық қабаты – уақыт пен кеңістік арасындағы адам тағдырын меңзейді. Бір жағынан, «күрең нұр» тіркесі жаңа қолданыс, тың эпитет. «Нұр» сөзіне «ақ», «ашпақ» түстердің тіркесуінен бөлек, қалыпты жағдайдан шығып, ақын жаңаша эпитет қолданып, өзіндік бояу-өрнегін танытқан. Екіншіден, өлеңнің құрылымы, формасы ерекше. Жыр шумағы «қара өлең» ұйқасымен басталса да, еркін иірімдерге жол ашқан. Буын саны да дәстүрлі үрдістен модернистік бағытқа «бұрылып», тың ырғақты, тосын сарынды түзеді.

Қайғы, қуаныш, өкініш сезімдері эмоционалдық, мәдени және көркем концептілердің барлық белгілері ақын ойының таразысында сараланған. «Қара түн» мен «күрең нұр» лирикалық кейіпкердің көңіл-күйінің ауыр астарын, мұңын бейнелесе, қаралы жұлдыз бен жаралы ғалам, азалы әлем, адасқан жұмыр жер – көркем мәтіннің мифтік, идеялық, психологиялық қабаттарын танытады. Бұл детальдар өлең мәтінінің шымырлығын, көркемдік жүйенің үйлесімін көрсетеді. «Көркем деталь – мәтінтүзілімнің әуелгі тетігі, мөлтек бейне. Көркемдік тұтастық жекелеген детальдардан жинақталады. Суреткер өзі бейнелемек әлемнің қыр-сырын, бітім-болмысын танытуда детальға жүгінеді» [17, 9], – деген зерттеушілер пікіріне сүйене отырып, ақын өлеңіндегі көркемдік тұтастықтың тетігі болып тұрған тың сипатты детальдардың мәнін тани түсеміз.

Қорытынды

Деталь – қаламгер шеберлігін танытатын маңызды бейнелеу құралы екені белгілі. Детальсіз мәтінтүзілімнің басты концепцияларын, сюжетін, композициясын, тіпті идеясын да толық таба алмаймыз. Мәтін қабаттары осы детальдардың ішінде «жасырынған». Поэтикалық ойдың көркем бейне болып қалыптасуы үшін де макро және микро элементтердің маңыздылығы зор. Когнитивті таным жүйесі бойынша, санада таңбаланған идеялар өзгеше сипат алып, мәтінде танылады. Кейіпкердің диалогы мен монологінен бастап, киген киімі, ұстаған заты, айналасын қоршаған түрлі-түсті фигуралар, көзге көрінетін және көрінбейтін элементтердің барлығын деталь деуге болады. Өлең құрылымы осындай қағидаларға сүйеніп, талданады. Сондықтан талдау барысында көркем мәтінді «бөлшектеп», қайта «жинау» арқылы автор идеясының шынайы болмысы көрінетіні сөзсіз. Мәтінтүзілімде детальдің орны ерекше. Поэзия мәтіндеріндегі бейнелілік жүйесін тануда көркемдік тәсілдерді анықтау, талдау маңызды. Көркемдік тұтастық арқылы көрінетін поэтикалық туындының маңызды бөлшегі, басты тетігі ретіндегі детальді анықтап, оның қызметін талдау арқылы біз мәтінтүзілімдегі жекелеген бөлшектердің табиғатын танытуға талпыныс жасадық. Поэзия мысалдарына жүгіне отырып, әр ақынның өзіндік тәсілін, көркемдік танымын, поэтикалық кеңістігін сол детальдік қолданыстары арқылы межеледік.

Әдебиеттер тізімі

1. Кабдулов Б. Деталь в художественном произведении (к проблеме писательского мастерства). Автореф. канд. филол. наук. – Алматы, 1983. – 26 с.
2. Томашевский Ю.В. Хронологическая канва жизни и творчества Михаила Зощенко. – Москва: Олимп-ППП, 1994. – 364 с.
3. Антонов С. Письма о рассказе // Мастерство писателя. – Москва, 1961. – С. 187-198.
4. Кабдулов Б. Деталь в художественном произведении // Простор, 1977. – №4. – С. 118.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «TST-Company», 2006. – 360 б.
6. Есин А.Б. Принципы и приемы анализа литературного произведения. – Москва: Наука: Флинта, 2010. – 248 с.
7. Кухаренко В.А. Интерпретация текста. – Москва: Просвещение, 1988. – 192 с.
8. Трубкина А. И. Художественная деталь: имплицитность и коммуникативно-прагматические функции. Филологические науки. Вопросы теории и практики Philology. Theory & Practice. 2021. Том 14. Выпуск 9. С. 2849-2855 | 2021. Volume 14. Issue 9. P. 2849-2855. <https://doi.org/10.30853/phil210449>
9. Путнин В.Ф. Деталь художественная // Литературный энциклопедический словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1987. – С. 90.
10. Березняк М.А. Типы и функции художественной детали в англоязычной прозе. Автореферат канд. фил. наук. – Одесса, 1986. – 30 с.
11. Aimukhambet Z, Zhumagazina A., Dalelbekkyzy A., Aituganova S. Seiputanova A. Mythical symbolism in structure of meta-text, ASTRA Salvensis, 1, 199-210 (2021). [Electronic resource] - Available at: <https://www.scopus.com/recod/display.uri?eid=2-s2.0-85107032435&origin=resultslist> (accessed 20.05.2023)
12. Раушанов Е. Періштелер мен құстар: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: «Көркем», 2005. – 264 б.
13. Әскербекқызы Ж. Көркемдік өріс: Есенғали Раушанов поэзиясы негізінде. Ғылыми зерттеу. – Алматы, 2008. – 263 б.
14. Айт Н. Көз жасым. Таңдамалы. – Астана: Фолиант, 2006. – 291 б.
15. Әбдікәкімов Т. Жұмақ күн: өлеңдер мен толғаулар, поэма мен балладалар. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 448 б.
16. Маралтай. Тарпаң: өлеңдер / Маралтай. – Алматы: Хантәңірі, 2014. – 286 б.
17. Аймұхамбет Ж., Миразова М. Абай поэтологиясы: бейнелілік парадигмасындағы көркем детальдің қызметі // Turkic Studies Journal. – 2021. – Volume 3, No.2. – P. 7-18.

Б.Е. Ахмер, Ж.А. Аймұхамбет, А.А. Мирзахметов

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Функция детали в структуре художественного текста

Аннотация. В статье рассматривается место художественной детали в поэтических текстах, а также определяется ее роль в передаче философских знаний, психологического настроения и эстетической мысли поэтов. Раскрывается значение понятий в художественном изображении, анализируются образы, отмеченные в художественной памяти поэта. С целью демонстрации функции детали в структуре художественного текста был сделан анализ стихотворений Н.Айтулы, Е.Раушанова, Т.Абдикакимұлы, М.Райымбекулы.

В современной поэзии мысли, идеи, взгляды и познание мира, выразительные эмоции поэта отражаются в различных деталях. Эти элементы и детали образуют систему текста, поскольку созданы на художественном уровне. Отсюда возникает новый образ, новый стиль, уникальная структура. Для донесения основной идеи и позиции автора до читателя в поэзии используются определенные приемы. В поэзии языковые единицы образуют художественную систему, а деталь, являющаяся механизмом этой системы, становится основой новых представлений, имеющих свое смысловое и символическое значение. Образование деталей занимает особое место в художественно-образной системе современной казахской поэзии, полной новаторских поисков. В статье функция детали в художественном тексте рассматривается на примере поэтического произведения и принимается как форма комплексного анализа.

Известно, что текстовая структура художественного произведения состоит из макро- и микродеталей. Если одни из них ясные, открытые, видимые, то другие употребляются скрытно и аллюзивно. В результате анализа делается вывод, что детали, использованные поэтами, составляют основу текста.

Ключевые слова: структура текста, деталь, поэзия, художественный текст, символ, структура стихотворения.

B.E. Akhmer, Zh.A. Aimukhambet, A.A. Mirzakhmetov
L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The function of a detail in the literary text structure

Abstract. The article determines the role of artistic details in poetic texts and the poets' role in transmission of their philosophical knowledge, psychological mood and aesthetic thought. The meaning of concepts in artistic image has been revealed, and the images designated in the poet's artistic memory have been analyzed. In order to demonstrate the function of artistic detail in the text structure, analysis of the poems of N. Aituly, E. Raushanov, T. Abikakimuly, M. Raiymbekuly have been conducted.

The poet's thoughts, ideas, views, knowledge, and expressive emotions in modern poetry are reflected through details. The elements and details form a text system on an artistic level. This raises a new image, a new style, and a unique structure. The author's main idea and position in poetry makes use of certain methods to bring an idea to the reader. The language units in poetry form an artistic system, and a detail in the mechanism of this system becomes the basis of new images with its semantic and symbolic meaning. The formation of details full of innovative searches occupies a special place in the artistic-figurative system of modern Kazakh poetry. The function of artistic detail in the text was considered on the example of poetic works and comprehensively analyzed.

The text structure of a literary work consists of macro and micro details. Some of them are clear, open and visible, while others are with a hidden meaning and subtext. The analysis concludes that the details used by poets for images in various forms make up the basis of the text.

Keywords: text formation, detail, poetry, literary text, symbol, structure of poems.

References

1. Kabdulov B. Detal' v hudozhestvennom proizvedenii (k probleme pisatel'skogo masterstva) [Detail in a work of art (On the problem of writing skills)]. Autoref. Cand. Philol. science (Almaty, 1983, 26 p.) [in Russian]
2. Tomashevsky Yu.V. Hronologicheskaya kanva zhizni i tvorchestva Mihaila Zoshchenko [Chronological canvas of the life and work of Mikhail Zoshchenko] (Olymp-PPP, Moscow, 1994, 364 p.) [in Russian]
3. Antonov S. Pis'ma o rasskaze [Letters about the story], Masterstvo pisatelya [Master's work of a writer] (Moscow, 1961, 187-198 p.) [in Russian]
4. Kabdulov B. Detal' v hudozhestvennom proizvedenii [Detail in a work of art], Prostor [Vast Expanse], 4, 110-118 (1977). [in Russian]
5. Kabdolov Z. Soz oneri [The art of words] («TST-Company», Almaty, 2006, 360 p.). [in Kazakh]
6. Yesin A.B. Principy i priemy analiza literaturnogo proizvedeniya [Principles and methods of analysis of a literary work] (Nauka: Flinta, Moscow, 2010, 248 p.). [in Russian]
7. Kuharenko V.A. Interpretaciya teksta [Interpretation of the text] (Prosveshchenie, Moscow, 1988, 192 p.) [in Russian]
8. Trubkina A. I. Hudozhestvennaya detal': implicitnost' i kommunikativno-pragmaticheskie funkicii. [Artistic detail: implicitness and communicative and pragmatic functions], Philological sciences. Theory and practice of Philology. Volume 14, Issue 9, 2849-2855 (2021). [Electronic resource] – Available at: <https://doi.org/10.30853/phil210449> (accessed 20.05.2023)
9. Putnin V.F. Detal' hudozhestvennaya [Detail art], Literaturnyj enciklopedicheskij slovar' [Literary encyclopedic dictionary]. (Soviet encyclopedia, Moscow, 1987, 390 p.) [in Russian]
10. Berezhnyak M.A. Tipy i funkicii hudozhestvennoj detali v angloyazychnoj proze [Types and functions of artistic details in English prose]. Autoref. Cand. Phil. Sciences (Odessa, 1986, 30 p.) [in Russian]

11. Aimukhambet Z, Zhumagazina A., Dalelbekkyzy A., Aituganova S. Seiputanova A. Mythical symbolism in structure of meta-text, ASTRA Salvensis, 1, 199-210 (2021). [Electronic resources// <https://www.scopus.com/recod/display.uri?eid=2-s2.0-85107032435&origin=resultslist>
12. Raushanov E. Perishteler men kustar: Olender men poemalar [Angels and Birds: Poems] (Korkem, Almaty, 2005, 264 p.) [in Kazakh]
13. Askerbekkyzy Zh. Korkemdik oris: Yessengali Raushanov poeziyasy negizinde. Gylymi zertteu. [Artistic field: based on the poetry of Yesengali Raushanov. Scientific research] (Almaty, 2008, 263 p.) [in Kazakh]
14. Ayt N. Koz zhasym. Tandamaly [My tears. Selected Works] (Foliant, Astana, 2006, 291 p.) [in Kazakh]
15. Abdikakimov T. Paradise day: poems and reflections, poems and ballads. – Nur-Sultan: Foliant, 2019. – 448 p.
16. Maraltai. Tarpan: poems / Maraltai. – Almaty: Khantangiri, 2014. – 286 p.
17. Aimukhambet Zh., Mirazova M. Abay's poetology: functions of literary detail in the paradigm of imagery // Turkic Studies Journal 2021, Volume 3, Number 2. P. 7-18 DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2021-2-7-18>

Авторлар туралы мәлімет:

Ахмер Б.Е. – PhD докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Аймұхамбет Ж.Ә. – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Мирзахметов А.А. – PhD, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Ахмер Б.Е. – PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Аймұхамбет Ж.А. – автор для корреспонденции, доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Мирзахметов А.А. – PhD, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Akhmer B.E. – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Aimukhambet Zh.A. – corresponding author, Doctor of Philology, Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Mirzakhmetov A.A. – PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).